

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 7-сыныптарына оқушыларды конкурстық іріктеудің кешенді тестілеуі бойынша жадынама

Конкурстық іріктеу екі күн бойы кешенді тестілеу түрінде өткізіледі.

Бірінші күні «Математика», «Сандық сипаттамалар», «Жаратылыстану» бөлімдерінен тұратын жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді зерделеу қабілеттерін бағалау бойынша тест өткізіледі.

Екінші күні қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілі бойынша тілдік тест өткізіледі.

Үміткерлердің барлығы екі тесті де тапсырады. Тестілеу қағаз түріндегі форматта жүргізіледі.

1-күн				2-күн			
Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді зерделеу қабілеттерін бағалау бойынша тест				Тілдік тест			
№	Бөлім	Тапсырма саны	Тестілеу уақыты*	№	Бөлім	Тапсырма саны	Тестілеу уақыты*
1	Математика	40	60 минут	1	Қазақ тілі (бірінші тіл)	20	120 минут
2	Сандық сипаттамалар	60	30 минут	2	Орыс тілі (екінші тіл)	20	
3	Жаратылыстану	20	30 минут	3	Ағылшын тілі	20	
Барлығы		120	120 минут	Барлығы		60	120 минут

*Тест материалдарын таратуға, аудиториядағы тәртіп ережесін түсіндіруге жұмсалатын уақыт кестеде көрсетілген тестілеудің жалпы уақытына кірмейді.

ЖАУАП ПАРАҚТАРЫ ТЕК ҚАРА СИЯЛЫ ҚАЛАММЕН (ГЕЛЬДІ ЕМЕС) ТОЛТЫРЫЛАДЫ!

Назар аударыңыз!

Конкурс кезінде тыйым салынады:

- 1) тест кітапшаларымен алмасуға, көшіруге;
- 2) шпаргалка, анықтамалық әдебиет, сөздік, сызғыш, қаламсауыт және басқа да анықтамалық ақпараттары бар құралдарды өзімен бірге әкелуге/пайдалануға;
- 3) ұялы телефон, смарт-сағат, калькулятор және басқа да ақпараттық-есептеуіш құрылғыларды өзімен бірге әкелуге/қолдануға;
- 4) уақыт аяқталғаннан кейін жауап парағын толтыруға, жауап парағы мен тест жинағын аудиториядан алып шығуға.

Жоғарыда аталған ережелер бұзылған жағдайда, комиссия төрағасы тест үйлестірушісімен бірлесе отырып, үміткердің қатысуымен акт толтырады және үміткерді тестілеу аудиториясынан шығарады, тестілеу нәтижелері жойылады.

Сондай-ақ үміткерге:

- 1) аудиториядан рұқсатсыз әрі кезекшінің бірге алып жүруінсіз шығуға, басқа үміткерлермен сөйлесуге, бір орыннан екінші орынға ауысуға;
- 2) жауап парақтарын қара сиялы қаламсаптан басқа гельді не басқа сия түрлерімен толтыруға, қарындаш пен түзетуші сұйықтықты пайдалануға;
- 3) бір тапсырмада екі немесе одан да көп жауапты бояуға, жауапты жартылай бояуға (толық боялмаған немесе бір тапсырмада бір жауаптан артық боялған жағдайда, жауап есептелмейді);
- 4) жауап парағындағы жауаптарды сызуға, жауап парағын бүлдіруге, бүктеуге, жыртуға, шимай парақ ретінде пайдалануға, жауап парағындағы тиісті секторлардан басқа бос орындарға жазуға;
- 5) рұқсатнаманы шимай парақ ретінде пайдалануға рұқсат етілмейді.

Ескерту: тест жинағының бос жерлерін шимай парақ ретінде пайдалануға рұқсат етіледі.

Тестілеу нәтижелерін талдау

Кешенді тестілеу нәтижелерін өңдеу Нидерландыда Cito Педагогикалық өлшеулер институтының қатысуымен үміткерлердің нәтижелерін автоматтандырылған статистикалық және психометриялық талдау арқылы жүзеге асырылады. Талдау нәтижесі әр тапсырманың күрделілік деңгейін анықтайды және олардың тест бөлімінің жалпы балына қатысты үлесін есептейді. Бұл әдіс нәтижелерді объективті, шынайы бағалауды қамтамасыз етеді, сондықтан апелляция өткізілмейді. Үміткерлердің нәтижелері, тест жинақтары мен жауап парақтары жеке қарастырылмайды.

Тестілеу нәтижелері туралы хабарлау

Нәтижелер тестілеудің екінші күні аяқталғаннан кейін 40 күнтізбелік күннен соң «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ www.nis.edu.kz сайтында жарияланады және Зияткерлік мектептер ғимаратында ілінеді.

Конкурстық іріктеуді өткізу тәртібі туралы толық ақпарат, тест тапсырмаларының және жауап парағының үлгілері www.nis.edu.kz сайтында «Оқуға түсу» бөлімінде берілген.